

«Хабар» Агенттігі» АҚ Басқармасының
2017 жылғы 05 шілдедегі шешімімен бекітілді,
№ 13 хаттама,
өзгерістер «Хабар» Агенттігі» АҚ Басқармасының
2017 жылғы 17 қарашадағы шешімімен енгізілді,
№ 13 хаттама,
өзгерістер «Хабар» Агенттігі» АҚ Басқармасының
2019 жылғы 16 сәуірдегі
шешімімен енгізілді, № 8 хаттама

**«Хабар» Агенттігі» акционерлік
қоғамының
тәуекел менеджері туралы
ЕРЕЖЕ**

Астана қаласы, 2017 жыл

1. Жалпы ережелер

1. «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының тәуекел-менеджері туралы ереже (бұдан әрі-Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі-Қоғам) жарғысына және Қоғамның өзге ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді, Қоғамдағы тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі тәуекел-менеджердің қызметін регламенттейтін нормативтік құжат болып табылады.

2. Ереже Қоғамның ішкі құжаты болып табылады және Қоғамның ұйымдық құрылымы мен корпоративтік басқару жүйесіндегі тәуекел-менеджердің мәртебесін, Қоғамның тәуекел-менеджерін (бұдан әрі – Тәуекел-менеджер) тағайындау, өкілеттіктерін тоқтату тәртібін, қызметінің өзге де мәселелерін айқындайды.

3. Тәуекел-менеджер өз қызметінде мыналарды басшылыққа алуы керек:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;

2) Қоғамның Жарғысы;

3) «Хабар» Агенттігі» АҚ тәуекел-менеджері туралы ереже;

4) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары.

4. Тәуекел-менеджер төмендегілерді білуі керек:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

2) «Телерадио хабарларын тарату туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

3) Қоғамның қызметіне қатысты ережелер, қаулылар, өкімдер, бұйрықтар, басқа да нормативтік құжаттар;

4) ішкі еңбек тәртіптемесінің қағидалары;

5) жұмысты ұйымдастыру және жоспарлау әдістері;

6) электрондық құжат айналымының негіздері;

7) еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары мен нормалары.

5-тармаққа өзгерту Басқарманың 17.11.2017 жылғы шешімімен енгізілді, № 22 хаттама

5. Тәуекел-менеджердің қызметін бағалауды Қоғам Басқармасы жүргізеді.

2. Тәуекел-менеджердің негізгі міндеттері мен функциялары

6. Тәуекел-менеджердің негізгі міндеттері:

- 1) Қоғамның тәуекелдерді басқару саясатын тиімді іске асыруға қатысу;
- 2) тәуекелдерді басқару жүйесін енгізуді және іске асыруды қамтамасыз ету;
- 3) тәуекелдерді төмендету жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды және мониторингілеуді қамтамасыз ету;
- 4) тәуекелдердің жай-күйі және Қоғамда тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдердің орындалуы туралы ақпаратты жинақтау және талдау.

7. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес тәуекел-менеджер белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды орындайды:

- 1) Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеуге қатысады, олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- 2) ысыраптардың туындау қатерлерін анықтау және тәуекелдердің туындау көздерін айқындау бойынша жұмыс жүргізеді;
- 3) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп тәуекелдерді сәйкестендіруді және бағалауды, тәуекелдер картасын, тәуекелдер тізілімін және тәуекелдерді басқару жөніндегі басқа да құжаттарды дайындауды жүзеге асырады;
- 4) есептілікті, қабылданатын басқарушылық шешімдерді талдайды, тәуекелдердің болуына ауытқулардың туындау себептерін талдауды жүзеге асырады;
- 5) тәуекелдерді басқару әдіснамасын (тәуекелдерді басқару саясатын, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидаларын және басқа да құжаттарды) әзірлейді және әзірленген әдіснаманы бекітуді ұйымдастырады;
- 6) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, тәуекелдер тізілімі мен картасын дайындау және өзекті жай-күйде ұстап тұру бойынша жұмыс жүргізеді;
- 7) құны 50 мың айлық есептік көрсеткіштен асатын тәуекелдердің болуы бөлігінде мәмілелер жасау бойынша Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстарын талдайды;
- 8) тәуекелдердің жай-күйі және Қоғамда тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдердің орындалуы туралы ақпаратты жинақтауды және талдауды қамтамасыз етеді;
- 9) тәуекел-менеджердің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;
- 10) тәуекелдердің жай-күйін, Қоғамның тәуекелдер бойынша барынша жол берілетін лимиттерді сақтауын, оның ішінде Қоғамның уақытша бос қаражатын орналастыруды бақылау және мониторингтеу жөніндегі жұмысты

ұйымдастырады;

11) өз жауапкершілігі аймағында тәуекелдерді басқару нәтижелілігі бойынша кезеңдік есептілікті жүргізеді;

12) өзінің кәсіптік даярлығының деңгейін арттыру және жұмыс тәжірибесімен алмасу жөнінде шаралар қабылдайды;

13) жасырындық пен құпиялылықтың тиісті режимін сақтайды;

14) өз қызметінде құжаттармен жұмыс істеудің тиісті режимінің сақталуын қамтамасыз етеді;

15) жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдеріне, Басқарма Төрағасының, Қоғам Басқармасының бұйрықтарына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес өзге де функцияларды орындайды.

3. Құқықтары

8. Тәуекел-менеджер құқылы:

1) тәуекелдерді бағалауға байланысты сұралатын барлық құжаттамаға және кез келген басқа ақпаратқа, оның ішінде Қоғамның коммерциялық және қызметтік құпиясын құрайтын мәліметтер мен ақпаратқа қол жеткізу;

2) Қоғам басшылығы шешімдерінің жобаларымен және тәуекел-менеджер қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттармен танысу;

3) Тәуекел-менеджердің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша құжаттарға бұрыштама қою, оларды келісу;

4) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінен өзінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сұрату;

5) бекітілген тәуекелдерді басқару шеңберінде Қоғамның және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды Басқарма Төрағасының, Қоғам Басқармасының қарауына шығару;

6) жауапкершілік аймағындағы тәуекелдерге тікелей қатысы бар дайындалып және шығарылып жатқан нормативтік құжаттармен танысу, қажет болған жағдайда осы құжаттарға дау айту;

7) құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен келісе отырып, осы бөлімшелердің жоспарларына Тәуекел-менеджердің жауапкершілігі аймағындағы тәуекелдер бойынша бақылау іс-шараларын енгізу, олардың нәтижелері бойынша есептер алу;

8) Қоғамның перспективалық даму жоспарын дайындауға, жауапкершілік аймағында тәуекелдерді басқару жөніндегі міндеттер бөлігінде бюджеттер құруға қатысу;

9) Тәуекел-менеджерге келісуге ұсынылатын нормативтік және басқа да құжаттардың жобалары бойынша өз құзыреті шегінде қорытындылар беру;

10) технологиялық және еңбек тәртібін бұзатын, сондай-ақ бекітілген тәуекелдерге қатысты тапсырмаларды орындамайтын немесе орындау мерзімдерін бұзатын қызметкерлерді жауаптылыққа тарту жөнінде шешімдер қабылдауға бастамашылық жасау;

11) Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдар жіберу;

12) біліктілігін арттыру және қайта даярлаудан өту.

4. Тәуекел-менеджерді тағайындау және оның жұмысын ұйымдастыру

9-тармаққа өзгерту Басқарманың 16.04.2019 жылғы шешімімен енгізілді, № 8 хаттама

9. Өз қызметінде Тәуекел-менеджер Басқарма Төрағасына, оның орынбасарларына, Қоғамның басқарушы директорына есеп береді.

10. Тәуекел-менеджер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында және Қоғамның ішкі нормативтік актілерінде белгіленген тәртіппен, Басқарма Төрағасының не оның міндеттерін атқару жүктелген тұлғаның бұйрығымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

11. Тәуекел-менеджер жоғары іскерлік және кәсіби қасиеттерге ие және келесі талаптарға сай болуы керек:

1) «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес», «бухгалтерлік есеп және аудит» және/немесе «қаржылық менеджмент» мамандықтары тобы бойынша жоғары білімі болуы тиіс;

2) кемінде 5 (бес) жыл, оның ішінде кредиттік, нарықтық және операциялық тәуекелдерді бағалау және мониторингтеу саласындағы кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесі;

3) еңбек заңнамасының, теледидар, бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы заңнаманың, Қазақстан Республикасы акционерлік қоғамдарының қызметінің негіздерін және Қоғам қызметінің ерекшелігін білу;

4) Қоғамның аффилиирленген тұлғасы болмауға тиіс;

5) басқарушылық еңбекті, құжаттармен жұмысты, қызметтік этиканы ұйымдастыру мәселелерін меңгеру;

6) еңбек тәртібінің ережелерін білу;

7) бастамашылдық, табандылық, тіл тапқыштық, жауапкершілік, орындаушылық, өз пікірі бойынша, Қоғам мүдделеріне сай келетін тәуелсіз пайымдауларды айту және қорғау қабілеті сияқты жеке қасиеттерге сәйкес келуге тиіс.

12. Тәуекел-менеджердің өз міндеттерін жүзеге асыру шарттары еңбек шартында, осы Ережеде айқындалады.

13. тағайындалған Тәуекел-менеджермен еңбек шартына Қоғам атынан Қоғам Басқармасының Төрағасы қол қояды.

14. Тәуекел-менеджердің қызметін ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз ету оның функцияларын орындауға, сондай-ақ сақталатын және берілетін ақпараттың құпиялылығын қорғауға бағытталуы керек.

5. Тәуекел-менеджердің есептілігі

15-тармаққа өзгерістер Басқарманың 17.11.2017 жылғы шешімімен енгізілді, № 22 хаттама,

15-тармаққа өзгерістер Басқарманың 16.04.2019 жылғы шешімімен енгізілді, № 8 хаттама

15. Тәуекел-менеджер Қоғам басқармасына жарты жыл, бір жыл ішінде атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

16. Есептерде Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің орындалу барысы, Қоғамның анықталған тәуекелдері, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарының мониторингі, сондай-ақ Тәуекел-менеджердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жұмысты жетілдіру жөніндегі ұсынымдар туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

17-тармаққа өзгерістер Басқарманың 17.11.2017 жылғы шешімімен енгізілді, № 22 хаттама,

17-тармаққа өзгерістер Басқарманың 16.04.2019 жылғы шешімімен енгізілді, № 8 хаттама

17. Тәуекел-менеджердің есептері есепті кезеңнен кейінгі айдың 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде қаралады.

18-тармаққа өзгерістер Басқарманың 17.11.2017 жылғы шешімімен енгізілді, № 22 хаттама,

18. Есепті қарау қорытындылары бойынша Қоғам Басқармасы Тәуекел-менеджердің есептерін назарға алу туралы және (немесе) тәуекел-менеджердің өкілеттіктеріне, функциялары мен жұмысын ұйымдастыруға қосымша өзгерістер/толықтырулар енгізу, сондай-ақ есепті кезеңдегі сыйлықақы төлемдерінің мөлшері туралы шешім қабылдайды.

6. Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау

19-тармақтың 1) тармақшасына өзгеріс Басқарманың 16.04.2019 жылғы шешімімен енгізілді, № 8 хаттама

19. Өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша Тәуекел-менеджер өзара іс-қимыл жасайды:

1) Қоғамда тәуекелдерді басқару жөніндегі жұмыс барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша Қоғам басқармасымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

2) тәуекелдердің жай-күйі және құрылымдық бөлімшелерде тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдердің орындалуы, ұсынымдарды орындау, Қоғамда тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралардың орындалуы мәселелері бойынша Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп, өзара іс-қимыл жасайды;

3) Тәуекел-менеджердің құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

7. Жауапкершілік

20. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде Тәуекел-менеджер:

1) осы Ережеде және еңбек шартында көзделген өзінің лауазымдық міндеттерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны;

2) коммерциялық құпия болып табылатын кез келген мәліметтерді жария ету, ақпаратты жеке мақсаттарда және Қоғамның мүдделеріне сай келмейтін мақсаттарда пайдаланғаны;

3) Қоғам басшылығының бұйрықтарын, өкімдері мен тапсырмаларын, сондай-ақ Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды орындамағаны;

- 4) Қоғам басшылығына жұмыстың орындалу жағдайы туралы дәйексіз ақпарат ұсынғаны;
- 5) корпоративтік және кәсіптік этика қағидаларын бұзғаны;
- 6) қызметтік құжаттаманы жоғалтқаны;
- 7) өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтар – Қазақстан Республикасының әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде;
- 8) Қоғамға материалдық залал келтіргені - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған шекте;
- 9) еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары мен нормаларын бұзғаны;
- 10) еңбек және атқарушылық тәртіпті сақтау жөніндегі талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады.

8. Қорытынды ережелер

21. Тәуекел-менеджер Қоғамның және оның жалғыз акционерінің мүддесі үшін әрекет етуге, өз міндеттерін адал және кәсіби орындауға тиіс.

22. Тәуекел-менеджердің Қоғамның қызметтік немесе коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтерді жария етуі, оларды жеке мақсатта пайдалануы не үшінші тұлғаларға беруі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

23. Осы Ереже Қоғам басқармасымен бекітілді және ол бекітілген күннен бастап күшіне енеді. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қоғам Басқармасы бекітеді.
